

Тақырып 11. Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың циклдылығы

1. Экономикалық өсудің мәні

2. Қазақстан Республикасының экономикалық өсу саясаты

3. Экономиканың циклдылығы

4. Экономикалық дағдарыс

5. Қазақстан Республикасындағы дағдарысқа қарсы саясат

1. Экономикалық өсудің мәні

Экономикалық өсу дегеніміз ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуі, өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістер.

Экономикалық өсудің *негізгі мақсаттары* - халықтың әл-ауқатын көтеру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, осының құрамына кіретіндер:

- *Орта есеппен бір адамға келетін ұлттық табыстың өсуі* - ұлттық табыстың жан басына шаққанда келетін өсу шапшандығы көрсетеді.

- *Бос уақыттың көбеюі* - байқалып отырған мерзімде жұмыс аптасы мен жұмыс жылы қысқарғанына, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек әрекеттерінің жалпы ұзақтығына назар аудары керек.

- *Ұлттық табыстың халықтың әр топтарының арасында бөлінуін жақсарту.*

- *Шығарылған тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартып, түрлерін көбейту.*

Экономикалық өсудің өлшеу тәсілдерін екі топқа бөлуге болады:

Нақты жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) өсуі. Бұл әдіс экономикалық мүмкіншілігінің молаю шапшандығын бағалау үшін қолданылады.

Жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) бір адамға шаққандағы өсуі. Халықтың әлеуметтік дамуын талдағанда, немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.

Экономикалық өсудің типтері: интенсивті, экстенсивті, аралас.

Интенсивті типі - техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. Экономикалық өсудің интенсивтік факторлары:

- қолданылатын ресурстар сапасының өсуі (жұмыс күшінің сапасын өсіру және заттық капиталдың сапасын жақсарту);
- ресурстарды пайдалану әдістерін жақсарту (технологияны жетілдіру, өндірісті және өткізуді ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру).

Экстенсивті типі – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімінің өсуі. Экономикалық өсудің экстенсивтік факторлары:

- жұмыс күшінің санының өсуі;
- капиталдың көлемі өсуі.

Аралас типі - факторлардың өсуімен қатар техникамен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі.

Экономикалық теорияда экономикалық өсудің сапасы деген ұғым әлеуметтік бағытталуының күшеюімен байланыстырылады, оның сипаттайтын келесі көрсеткіштер:

1. халықтың материалдық әл-ауқатының жақсаруы;
2. адамның бос уақытының көбеюі;
3. әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму дәрежесінің жоғарылауы;
4. адам капиталына инвестицияны өсіру;
5. адамдардың еңбек және өмір жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. жұмыссыздар мен жұмысқа қабілеті жоқтарды әлеуметтік қорғау;
7. еңбек нарығында ұсыныс көлемінің өсуі жағдайында жұмыспен толық қамтуды қолдау.

Экономикалық өсудің факторлары дегеніміз өндірістің нақты көлемін және оның тиімділігі мен сапасын арттыратын құбылыстар ықпалына мен процестер. Тигізетін ықпалына қарай экономикалық өсудің факторлары жанама және тікелей факторларға бөлінеді.

Тікелей факторларға экономикалық өсудің физикалық мүмкіндігін белгілейтіндер жатады. Тікелейді бес негізге факторлар құрайды, олар жиынтық өндіріс пен ұсыныстың динамикасын тікелей белгілейді.

Жанама факторлар экономикалық өсудің физикалық мүмкіндіктерді ақиқатқа айналдыратын факторлар жатады.

Жанама факторлар құрамына жататындар:

Сұраныс факторлары өсіп келе жатқан өндіріс көлемінің өткізу мүмкіндігін белгілейді: мемлекеттік шығындардың өсуі, жаңа нарықтар игеру нәтижесінде немесе әлемдік нарықта ел өнімінің бәсекелес қабілетінің өсуі нәтижесінде экспорттың кеңеюі.

Ұсыныс факторлары нарықтың монополиялану дәрежесінің төмендеуі, пайдаға салынатын салықтардың салықтың азаюы және т.б.

Бөлу факторлары қоғамдағы барлық ресурстарды тиімді пайдалану.

2.Қазақстан Республикасының экономикалық өсу саясаты


Экономикалық өсуге жету барысында қойылған міндеттер:

1. Мемлекеттің белсенділігімен қатар экономикаға араласуды шектеу.
2. Қатал монетарлық фискальдық шектеулер қою.
3. Шетелге қаржылық инвестиция шығару туралы стратегия жасау.
4. Жекеменшікті бекітумен қатар құқықтық қорғау жасау
5. Жекешелендіру процессін аяқтау (аграрлық секторда).
6. Энергетикалық және басқа да табиғи ресурстарды өңдеу
7. Инвестициялық саясатты жүзеге асыру.
8. Индустриалдық технология стратегиясын жасау
9. Өндіріс диверсификациясын жүрзізу.
10. Өндіріс салаларының бәсекелік қабілеттілігін дамыту.

3.Экономиканың циклдылығы

Техникалық прогресс пен адамдар мүддесінің арасындағы алшақтық экономикалық жүйеге көптеген оқыс сілкіністер әкеледі. Ол адамзат қоғамының ерекшелігіне қарай белгілі ырғақ пен тербеліске түсіп, толқуларға ауысады. Экономикалық теорияда экономиканың мұндай құбылыстары, «экономикалық толқулар» немесе «экономикалық цикл» деп аталады.

Экономикалық цикл – бұл дағдарыстар арасындағы мерзім және осы кезде оның төрт фазасы ауысады.



1 - сызба. Экономикалық цикл.

Циклдың фазалары:

- Дағдарыс (кұлдырау, рецессия).
- Тоқырау (стагнация).
- Жандану.
- Өрлеу (бум).

Дағдарыс тауарлардың артық өндірілуі, несиенің азаюы және процентінің жоғарылауы арқылы көрінеді. Дағдарыстың сипаттамасы:

1. Артық өндіріс себебінен өндірістің көлемі қысқарады, банктер мен кәсіпорындар банкротқа ұшырайды.

2. Жалақы төмендейді, жұмыссыздық өседі.

3. Бағалы қағаздар нарығы құлдырайды, акция курстары төмендейді.

4. Ақшаға сұраныс өседі, пайыз мөлшерлі жалақысы өседі.

Тоқырау фазасының сипаттамасы:

1. Өндірістің құлдырауы мен бағалардың төмендеуі тоқырау жағдайында болады.

2. Жұмыссыздық жоғары деңгейде болады.

3. Ақшаға сұраныс төмендейді, пайыз мөлшерлі жалақысы азаяды, сөйтіп өндірістің салаларын ұлғайтуға жағдай жасалады.

Жандану фазасының сипаттамасы:

1. Дағдарыстан аман қалған кәсіпорындар негізгі капиталдарын жаңартып, өндірісті ұлғайтуға кіріседі. Өндірілген тауарлар көлемі мен сапасы жағынан өндіріс дағдарысының алдындағы дәрежеге жетеді.

2. Инвестициялар өседі.

3. Бағалар көтеріледі, себебі сұраныс өседі.

4. Жұмыссыздықтың деңгейі қысқара бастайды.

5. Ақшаға сұраныс өседі, пайыз мөлшерлі жалақысы өседі.

Өрлеу фазасының сипаттамасы:

1. Өндірістің көлемі дағдарыс алдындағы дәрежеден артады.
2. Жұмыссыздық деңгейі маңызды түрде қысқарады.
3. Тауарлардың бағасы өседі.
4. Қарыз капиталының ұсынысы өседі.
5. Несиеге сұраныс өседі. Сөйтіп шаруашылық жаңа дағдарысқа қарай қадам басады.

Өндірістің құлдырауы мен қатар инфляция болып тұрған жағдайды **стагфляция** деп атайды.

Циклдарға әсерін тигізетін факторларды сыртқы және ішкі деп бөлуге болады.

Сыртқы факторлар - экономикалық жүйеге тәуелсіз факторлар: халық санының өзгеруі, соғыстар, төңкеріс, басқа да саяси шиеленістер, жаңа жерлерді игеру, бағалы ресурстардың жаңа кен орнын ашу ғылыми-техникалық прогресс, күннің көзіндегі құрғақшылыққа әкелетін таңбалардың пайда болуы, т.б.

Ішкі факторлар - экономикалық жүйемен байланысты факторлар: капиталдың физикалық қызмет атқару мерзімі, тұтынудағы, жұмысбастылықтағы, инвестициялық, мемлекеттің экономикалық саясатындағы өзгерістер, тауар және ақша қайшылықтары, сұраныс пен ұсыныс арасындағы қайшылықтар, капиталдың артық қорлануы.

1 - кесте. Мемлекеттің дағдарысқа қарсы қолданылатын құралдары

Құралдар	Тоқырау фазасында	Өрлеу фазасында
1. Ақша несие саясаты	Пайыз мөлшерлі жалақысын төмендету, мемлекеттің бағалы қағаздарын ашық нарықта сатып алуы.	Пайыз мөлшерлі жалақысын өсіру, мемлекеттің бағалы қағаздарын ашық нарықта сатуы.
2. Фискальдық саясат	Бюджеттен қосымша шығындар жұмсау, салық ставкаларын төмендету.	Бюджет шығындарын қысқарту, салық ставкаларын өсіру.
3. Жалақы мен тарифтер саясаты	Жалақыны өсіру.	Жалақыны төмендету.
4. Мемлекеттік инвестициялар саясаты.	Инвестициялық бағдарламалардың жылдамдықпен орындалуы, мемлекеттік қолдау жасау.	Мемлекеттік құрылысты және инвестицияларды тоқтату.
Мақсат:	Шаруашылық белсенділігін ынталандыру	Шаруашылық белсенділігін тоқтату.

2 - кесте. Экономикалық циклдардың типтері

Экономикалық циклдің типтері	Ұзақтылығы	Себептері, ерекшеліктері
1. Дж.Китчиннің қысқа толқындары»	2-4 жыл	Алтынның әлемдік қорының тербелісі ЖҰӨ-нің, инфляцияның, жұмысбастылықтың тербелісіне әкеледі.
2. К.Жуглярдың «орташа толқындары»	10 жыл	Ақша айналысындағы өзгерістер, кердиттік жүйенің мәселелері ЖҰӨ-нің тербелісіне инфляцияға, жұмыссыздыққа әкеледі.
3. Кузнецтің циклдары	18-25 жыл	Экономикалық циклдардың себептері күрделі құрылыспен байланысты
4. Н.Д.Кондратьевтің «ұзын толқындары»	40-60 жыл	Басты қозғаушы күш – технологиялық өндірістегі технологиялық базаның радикалды өзгеруі мен оның құрылымдық қайта құрылуы.
5. Форрестердің циклдары	200 жыл	Энергия қуаты мен материалдарға байланысты.
6. Тоффлердің циклдары	1000-2000 ж.	Цивилизацияның дамуымен,

4. Экономикалық дағдарыс

Экономикалық дағдарыс - нарықтық экономиканың өзіндік реттеуінің маңызды элементінің механизмі болып табылады. Ол мыналармен байланысты: біріншіден, дағдарыс, басты капиталды күнсыздандыра отырып өндіріс аппаратының жаңаруына жағдай жасайды, екіншіден кәсіпорынның басты капиталының жаңаруына және техникалық базалардың жаңаруына міндеттей отырып, ғылыми техникалық прогрестің пайда болуына жағдай жасайды.

Микродеңгей - бұл деңгей халықаралық экономика деңгейінде жүреді - жалпы бір құрылым ретінде жүреді.

Мезодеңгей - бұл деңгей аралас салалардың шаруашылық байланысы, яғни әр түрлі қызметтегі кәсіпорындар мен ұйымдар қызметтері.

Әлемдік - бұл деңгей жалпы әлемдік шаруашылық болып табылады.

Күйзеліс (депрессия, стагнация) - қоғамдық өндірістің екінші айналым фазасы, ол 1 немесе 3 жыл ішінде жүреді. Бұл фазаға көбінесе: сенімсіздік, кәсіпкер-лер ісінің бейберекеттілігі, банк пайыздарының мөлшерінің құлауы, бағалардың біртіндеп тұрақтануы есебінен сенімдіктері жатады.

Тірілу - қоғамдық өндірістің тұрақтану фазасы болып табылады. Олар: капитал салымдары пайда бола бастайды, бағалар өнім өндіру, жұмыс бастылық өседі, өндіріс салалары тұрақталады. Яғни экономика қайта жанданады.

Көтерілу бұл - тездету фазасы, бұл кезде техникалық жаңару, жаңа тауарлар және жаңа кәсіпорындар пайда болады.